



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ
ЖОҒАРҒЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

МАҒАМБЕТ ӨТЕМІСОВ АТЫНДАҒЫ БАТЫС
ҚАЗАҚСТАН УНИВЕРСИТЕТІНІҢ БІЛІМ
АЛУШЫЛАРЫНА АРНАЛҒАН АНЫҚТАМАЛЫҚ -
ЖОЛ КӨРСЕТКІШІ



УДК 330.В

ББК 65.01

А 64

*М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің
17.06.2024 ж. Академиялық кеңесінің №10 хаттамасының шешімі
негізінде басылымға ұсынылды.*

Құрастырған:

Э.М. Кдиргужина – Тіркеу офисі жетекшісі

А.Б. Тлесова – академиялық қызмет департаментінің директоры

Анықтамалық – жол көрсеткіш М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің білім алушыларына арналған.

Онда білім алушылар университет тарихы туралы, факультеттер мен бөлімдер туралы, кредиттік оқыту технологиясы туралы, білім траекториясын таңдау тәртібі туралы, кәсіби тәжірибе туралы, өзінің құқықтары мен міндеттері туралы ақпаратты таба алады.

Э.М.Кдиргужина

Анықтамалық–жол көрсеткіші - М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің студенттеріне арналған.

Орал. М.Өтемісов атындағы БҚУ баспа орталығы, 2024. – 38 б.

© Э.М.Кдргужина, 2024.

© М.Өтемісов атындағы БҚУ РБО, 2024



1. М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университетінің қысқаша тарихы

1932 жыл – РСФСР Халық Ағарту комиссариатының 1932 жылғы 25 наурыздағы «Орал педагогикалық жоғарғы оқу орнын ашу туралы» қаулысы. 1932 ж 9 шілдедегі Қазрайком «1 қазаннан Орал қаласында пединститут құрылсын» деп қаулы етті.

1937 жыл – А.С.Пушкиннің дүниеден өткеніне 100 жыл толуына орай Орал пединститутына А.С.Пушкин есімі берілді.

1982 жыл – 18 қазанда КСРО Жоғарғы Кеңес Президиумының жарлығымен А.С.Пушкин атындағы Орал Педагогикалық институты «Құрмет белгісі» орденімен марапатталды.

1996 жыл – А.С.Пушкин атындағы Орал педагогикалық институты ҚР Үкіметінің 07.03.1996ж. №573 қаулысының шешімімен және 23.05.1996ж. ҚР Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен А.С.Пушкин атындағы Батыс Қазақстан гуманитарлық университеті болып өзгертілді.

2000 жыл – Қазақстан Республикасы Үкіметінің №236 қаулысы бойынша облыстағы үш жоғары оқу орнының негізінде Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті құрылды.

2002 жыл – ҚР Үкіметінің №1172 қаулысы бойынша 5 қарашада Батыс Қазақстан мемлекеттік университетін қайта құру мақсатында оның құрамынан Батыс Қазақстан аграрлық-техникалық университеті бөлініп шығарылды.

2003 жыл – 30 мамырда ҚР Үкіметінің №497 қаулысы бойынша Батыс Қазақстан мемлекеттік университетіне Махамбет Өтемісов есімі берілді.

2004 жыл – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті ҚР СТ ИСО 9001 халықаралық сапа сертификатының иегері.

2005 жыл – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті «SPI Алтын белгісінің» лауреаты.

2006 жыл – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Болоньяда (Италия) Еуропа елдерінің білім беру жүйесін үндестіру мақсатында Магна Хартия құжатына қол қойды. «Интеграцияланған оқу бағдарламаларын талдауға және өндіріске енгізуге қосқан үлесі үшін» дипломына ие болды (Астана, 2006 ж.); «Бірлескен Еуропа» (Оксфорд, Ұлыбритания, наурыз 2006 ж.) халықаралық марапатына ие болды.

2008 жыл – Ресейлік «Рейтор» тәуелсіз агенттігінің қорытындысы бойынша М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті әлемге танымал 500 университеттің ең үздіктер қатарына енген Қазақстанның 7 жоғары оқу орнының бірі.

2010 жыл – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті облысымызда бірінші болып институционалдық аккредиттеуден өтіп, жоғары бағаға ие болды.

2011 жыл – Қазақстанның жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингінде көпсалалы жоғары оқу орындарының арасында еліміздің үздік он оқу орындарының қатарына енді.

2012 жыл – М.Өтемісов атындағы БҚМУ 11 білім беру бағдарламасы РФ Білім сапасын қағалау және мансапты дамыту агенттігінде аккредиттеуден өтті.

2013 жыл – М.Өтемісов атындағы БҚМУ Білім және ғылым министрлігінің бұйрығымен өткізілген мемлекеттік аттестаттаудан өтті.

2013 жыл – М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Қазақстан жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингінде көпсалалы ЖОО-ның үздік ондығына кіріп, 7 орынға ие болды.

2013 жыл – ЖОО-ның 4 мамандығы ACQUIN герман агенттігінде аккредиттеуден өтті

2014 жылдың мамыр айында М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университеті Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігінде институционалды аккредиттеу және 4 білім беру бағдарламасы мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өтті.

2015 жылдың мамыр айы – Аккредиттеу және рейтинг тәуелсіз агенттігі өткізген рейтинг нәтижесі бойынша М.Өтемісов атындағы БҚМУ Қазақстан Республикасының 55 жетекші жоғары оқу орнының арасында Қазақстанның жоғары оқу орындарының ең үздік ондыққа кірді.

2015 жыл – ЖОО-ның 22 мамандығы Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігінде мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

2016 жыл – Байқаушы кеңес, гуманитарлық және жаратылыстану-ғылыми бағыттары бойынша екі ғылыми-зерттеу институты құрылған. НААР рейтингісінің қорытындысы бойынша ЖОО білім беру бағдарламалары бойынша 9-жүлделі орын алды.

2017 жыл – университеттің 85 жылдық мерейтойы.

2018 жыл - Қазақстанның жоғары оқу орындарының ұлттық рейтингісі бойынша, М.Өтемісов атындағы БҚМУ 11-орынды иеленді.

2019 жыл – М. Өтемісов атындағы БҚУ IAAR тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінде 7 жыл мерзімге халықаралық институционалды аккредиттеуден және 10 білім беру бағдарламасы бойынша халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден сәтті өтті.

2020 жыл – Университеттің 31 білім беру бағдарламасы «Атамекен» ҰКП ұлттық рейтингіне қатысты, оның ішінде 14 білім беру бағдарламасы ТОП-10-қа, 7 білім беру бағдарламасы ҚР үздік ТОП–3-не кірді. Университеттің 29 білім беру бағдарламасы IAAR тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінде халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

2021 жыл – М. Өтемісов атындағы БҚУ Webometrics 2021 халықаралық рейтингінде ҚР 128 жоғары оқу орындарының арасында 39-шы орынды иеленді. Университеттің 37 білім беру бағдарламасы «Атамекен» ҰКП ұлттық рейтингіне қатысып, оның ішінде 23 білім беру бағдарламасы ТОП-10-қа, 9 білім беру бағдарламасы ҚР үздік ТОП-3-не кірді. Университеттің 28 білім беру бағдарламасы IAAR тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінде халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

2022 жыл – М. Өтемісов атындағы БҚУ Webometrics 2022 халықаралық рейтингінде ҚР 133 жоғары оқу орындарының арасында 79-шы орынды иеленді. Университеттің 44 білім беру бағдарламасы «Атамекен» ҰКП ұлттық рейтингіне қатысып, оның ішінде 24 білім беру бағдарламасы ТОП-10-қа, 13 білім беру бағдарламасы ҚР үздік ТОП-3-не кірді. Университеттің 34 білім беру бағдарламасы ARQA білім беру сапасын аккредиттеу және сараптау жөніндегі тәуелсіз агенттігінде мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

2023 жыл – М. Өтемісов атындағы БҚУ Webometrics 2023 халықаралық рейтингінде ҚР 129 ЖОО арасында 15-ші орынды иеленді. Университеттің 38 білім беру бағдарламасы «Атамекен» ҰКП ұлттық рейтингіне қатысып, оның ішінде 23 білім беру бағдарламасы ТОП-10-қа және 8 білім беру бағдарламасы ҚР үздік ТОП-3-не кірді. Университеттің 6 білім беру бағдарламасы ARQA білім беру сапасын аккредиттеу және сараптау жөніндегі тәуелсіз агенттігінде мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

2024 жыл – М. Өтемісов атындағы БҚУ Webometrics 2024 халықаралық рейтингінде (қаңтар) ҚР 127 ЖОО арасында 17-ші орынды иеленді. Университеттің 17 білім беру бағдарламасы IAAR тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігінде халықаралық мамандандырылған аккредиттеуден өтті.

Университет әкімшілік құрамы



СЕРҒАЛИЕВ НҰРЛАН ХАБИБУЛЛАҰЛЫ
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан
университеті Басқарма төрағасы - ректор

**ДӘСТҮРЛЕР МЕН ИННОВАЦИЯЛАРҒА ЖӘНЕ ЖАҢА ЖЕТІСТІКТЕРГЕ
ДЕГЕН ҰМТЫЛЫСЫ ҮЙЛЕСІМДІ ҒАСЫРҒА ЖУЫҚ ТАРИХЫ БАР
БІЛІМ ОШАҒЫ - МАХАМБЕТ УНИВЕРСИТЕТІНЕ ҚОШ КЕЛДІҢІЗДЕР!
90 ЖЫЛДАН АСТАМ УАҚЫТ БОЙЫ БІЗДІҢ УНИВЕРСИТЕТ
МЫҢДАҒАН ТҮЛЕКТЕРГЕ ӨМІРГЕ ЖОЛДАМА БЕРІП, БОЛАШАҚҚА
СЕНІМДІ ҚАДАМ БАСУДА.**

**БІЗДІҢ АЛДЫМЫЗДА ЖОҒАРЫ БІЛІКТІ МАМАНДАРДЫ ДАЯРЛАУ
САЛАСЫНДА КӨШБАСШЫ БОЛЫП, ОБЛЫСЫМЫЗ БЕН ЕЛДІҢ
ДАМУЫНА ӨЗ ҮЛЕСІН ҚОСУ ӨРШІЛ МІНДЕТІ ТҰР.**

**БІЗДІҢ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР МЕН СТУДЕНТТЕРДІҢ БІРЛЕСКЕН
КҮШ-ЖІГЕРІМІЗ, ШАБЫТ ПЕН ТАЛАНТЫНЫҢ АРҚАСЫНДА
УНИВЕРСИТЕТІМІЗ АЛДЫҢҒЫ ҚАТАРЛЫ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ ЗОР
БІЛІМ БЕРУ ОРТАЛЫҒЫНА АЙНАЛАТЫНЫНА СЕНІМДІМІЗ!
МАХАМБЕТ УНИВЕРСИТЕТІ - ТЕК ОҚУ ОРНЫ ҒАНА ЕМЕС,
БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ ҚАРА ШАҢЫРАҚ!**



КАЙСАГАЛИЕВА ГУЛЬЖАХАН СМАИЛОВНА
Академиялық мәселелер бойынша Басқарма
мүшесі – проректор



АХМЕДЕНОВ КАЖМУРАТ МАКСУТОВИЧ
Басқарма мүшесі - Ғылыми жұмыс және
халықаралық байланыстар жөніндегі проректор



СУЛЕЙМЕНОВ МЕРГЕН ҚУАНЫШҰЛЫ
Басқарма төрағасы орынбасары – тәрбие жұмысы
және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор

2.УНИВЕРСИТЕТ БАСШЫЛЫҒЫ

Лауазымы	Т. А. Ә.	Жұмыс тел	Ішкі тел	Каб.
Басқарма төрағасы-ректор	Серғалиев Нурлан Хабибуллович	-	111	204
Басқарма мүшесі – академиялық мәселелер бойынша проректор	Қайсағалиева Гульжахан Смаиловна	514163	117	207
Басқарма мүшесі – ғылыми жұмыс және халықаралық байланыстар жөніндегі проректор	Ахмеденов Кажмурат Максұтович	503477	8122	208
Басқарма мүшесі – тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	Сүлейменов Мерген Қуанышевич	515190	8125	213
Ғылыми хатшы	Ниетова Айгул Сериқовна	260371	81-14	406
Халықаралық қатынастар және көптілділік бөлімі				
Жетекші	Зубков Владислав Сергеевич	260625	-	104
Стратегиялық даму және инновация департаменті				
Директор	Имашев Эдуард Жусупович	511991	-	105
Қоғамдық даму департаменті				
Директор	Қдиршаев Абат Сатыбаевич	513782	120	211
Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімі				
Жетекші	Қақишев Мұрат Ғалиханович	260625	-	8 корпу с 205
Әдістемелік жұмыс және білім беру технологиялары бөлімі				
Жетекші	Утеулиева Дамели Танатаровна	511991	-	107

Студенттерге қызмет көрсету орталығы				
Сарапшы	Темралиева Самал Бекжановна	514164	101	102
Маркетинг және кәсіби бағдар орталығы				
Жетекші	Аманбаев Аскар Сайынович	504420	-	414
Ғылыми кітапхана				
Жетекші	Алимбекерова Тоты-Кус Еркиновна	512988	81-24	216
Тәрбие жұмысы және жастар саясаты департаменті				
Директор	Ешимова Жанбота Есенгалиевна	511503		
Жастар ісі жөніндегі комитет				
Жетекші	Қоблан Мирас Қобланұлы	511503	-	213
Филология факультеті				
Декан	Акбулатов Айдарбек Ахметович	513062	123	409
Деканның оқу-ісі жөніндегі орынбасары	Нәби Али Ғаббасұлы	513062	123	408
Деканның тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Аханова Альбина Сансызбаевна	513062	123	408
Физико-математикалық факультет				
Декан	Абулкасова Дина Бакытжановна	260380	-	313
Деканның тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Иксебаева Жанна Сагинтаевна	260380	-	313
Деканның оқу-ісі жөніндегі орынбасары	Искалиева Айжан Урынғалиевна	260380	-	313
№3 ОҚУ ҒИМАРАТЫ, Сарайшық, 34 Тарих, экономика және құқық факультеті				

Декан	Нестеренко Галина Ивановна	512039	101	204
Деканның оқу-ісі жөніндегі орынбасары	Утешева Саида Мамаевна	512039	115	204
Деканның тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Жалекенова Гулбарам Тлеккабыловна	512039	115	204
№4 оқу ғимараты, Н. Назарбаев д., 137 Мәдениет және өнер факультеті				
Декан	Кажимова Карылгаш Рахымовна	504703	115	104
Деканның оқу-ісі жөніндегі орынбасары	Хабадашев Нурдаулет Аскарович	512739	-	104
Деканның тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Куаншалиева Раушан Жардемовна	512739	109	104
№5 оқу ғимараты, Н. Назарбаев д., 121 Жаратылыстану география факультеті				
Декан	Тургумбаев Ахан Аскарович	260386	11	3
Деканның оқу-ісі жөніндегі орынбасары	Киишева Динара Жайдармановна	503549	11	3
Деканның тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Удреева Камшат Салихиденовна	503549	11	3
№7 оқу ғимараты Студенческая к-сі, 4 Педагогикалық факультет				
Декан	Ергалиева Гулжан Алгазиевна	503254	114	212
Деканның оқу-ісі жөніндегі орынбасары	Ойлыбаева Лаура Нурболатовна	503254	114	212
Деканның тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары	Муканова Айгул Даулеткалиевна	503254	114	212
№8 оқу ғимараты, Студенческая 1 Ғылым және жоғары оқу орнынан кейінгі дайындық бөлімі				

Сектор меңгерушісі	Хамидуллина Альфия Мухитовна	260368	-	206
Академиялық қызмет департаменті				
Директор	Тлесова Айгуль Бакытжановна	504777	-	306
Оқу үрдісін жоспарлау және ұйымдастыру бөлімі				
Жетекші	Кажиахметов Салауат Абайевич	509444	-	413
Мансап және жұмысқа орналастыру орталығы				
Жетекші	Ермеккалиев Тарас Сериккалиевич	260373	-	310
Тіркеу офісі				
Жетекші	Кдиргужина Эльмира Мендигалиевна	509668	-	209

3.Академиялық күнтізбе 2024-2025 оқу жылы

Бакалавриат

Күндізгі оқу түрі 4 жыл

1 курс

№	Оқу үрдісі	Апта	Мерзімі
Қысқы семестр			
1	Ұйымдастыру аптасы Оқу пәндеріне тіркелу	1	26.08.2024-01.09.2024 28.08.2024-30.08.2024
2	Теориялық білім алу кезеңі	15	02.09.2024-14.12.2024
3	Аралық бақылау 1	1	21.10.2024-26.10.2024
4	Оқу сараманы	5	28.10.2024-30.11.2024
5	Аралық бақылау 2	1	09.12.2024-14.12.2024
6	Емтихан сессиясы	3	17.12.2024-04.01.2025
7	Қазақстан тарихынан мемлекеттік емтихан	1	17.12.2024-04.01.2025
8	Демалыс	2	06.01.2025-18.01.2025


Көктемгі семестр			
1	Теориялық білім алу кезеңі	15	20.01.2025-03.05.2025
2	Шаңғы жиынтығы	1	20.01.2025-01.02.2025
3	Аралық бақылау 1	1	10.03.2025-15.03.2025
4	Пәндерге тіркелу шарасы (2025-2026 оқу жылы)	5	01.04.2025-30.04.2025
5	Аралық бақылау 2	1	28.04.2025-03.05.2025
6	Емтихан сессиясы	3	05.05.2025-24.05.2025
7	Оқу сараман	1	26.05.2025-31.05.2025
		2	26.05.2025-07.06.2025
		3	26.05.2025-14.06.2025
		4	26.05.2025-21.06.2025
		5	10.02.2025-15.03.2025
		10	10.02.2025-19.04.2025
8	Тілдік сараман	1	26.05.2025-31.05.2025
		2	26.05.2025-07.06.2025
9	Жазғы семестр	6	26.05.2025-05.07.2025
10	Демалыс	14	26.05.2025-30.08.2025
		13	02.06.2025-30.08.2025
		12	09.06.2025-30.08.2025
		11	16.06.2025-30.08.2025
		10	23.06.2025-30.08.2025

4. Кредиттік технология туралы

Оқытудың кредиттік технологиясы – бұл өздігінен білім алу деңгейін арттыруға және білім беру траекториясын қалыптастыру, таңдау және кредиттер түріндегі білім көлемінің есебі негізінде білімді шығармашылықпен енгізуге бағытталған білім беру жүйесі.

Тіркеу қызметі

Тіркеу қызметі – пәндерді таңдауды тіркеуден бастап, диплом алғанға білім алушының оқудағы жеткен жетістіктерінің бүкіл тарихын тіркеумен айналысатын студентті қолдау қызметі. Ол білім алушы білімін бақылаудың барлық түрлерін ұйымдастыру мен оның академиялық рейтингін есептеуді қамтамасыз етеді.



5. Элективті пәндерге тіркеу

Кредиттік технология Қазақстан Республикасының ғылым және жоғарғы білім министрлігінде көзделген міндетті пәндерге қоса өзіңіз таңдаған пәндерді зерделеуді көздейді.

1. Сіз қандай да бір пәнді таңдауыңыз тіркеу офисімен үйлестірілетін ресми тіркеу жолымен жүзеге асырылады;

2. Таңдау бойынша пәндерді анықтау эдвайзердің жетекшілігімен жүзеге асырылады (ағылш. "тәлімгер"). Эдвайзер презентация әдісімен сізге элективті пәндер каталогынан әрбір пәнге балама ұсынады, пәндерді оқу кезектілігін анықтауда кеңес береді;

3. Тіркеу күні мен уақыты академиялық күнтізбемен анықталады;

4. Пәндерді таңдағаннан кейін сіз қалаған элективті пәндерді көрсете отырып, тіркеу формаларын толтырасыз, соның негізінде тіркеу бөлімі Сіздің жеке оқу жоспарыңызды (ЖОЖ) қалыптастырады.

5. ЖОЖ негізінде академиялық топтар мен лектерді қалыптастырылады. Егер осы пәнге білім алушылар саны ең аз (12-15 адам) жазылған болса, онда пән ашылмайды;

6. Егер келесі курсқа көшірілген білім алушы белгіленген мерзімде өзінің ЖОЖ тіркеу офісіне тапсырмаған немесе тіркеуден бас тартқан жағдайда, онда оның оқыту негізіне осы курс үшін жасалған базалық жұмыс оқу жоспары қабылданады;

7. Сондай-ақ міндетті пәндер бойынша оқытушының кандидатурасын таңдауға құқыңыз бар. Оқытушының кандидатурасын таңдауға жазылу кезектілік реті бойынша жүзеге асырылады.

6.Эдвайзер

Эдвайзер – оқу кезеңінде білім беру бағдарламасын игеру мен жеке оқыту траекториясын таңдауға көмек көрсететін оқытушы. Сонымен қатар, эдвайзер болашақ мансап мәселелерін шешуде, бітіру жұмысының тақырыбын анықтауда, кәсіби тәжірибе базасын анықтауда кеңес беріп көмек көрсете алады. Эдвайзерлер білім алушылардың академиялық мүдделерін жеке оқу жоспарын жасау мен түзетуге ықпал етуі тиіс.

Эдвайзерлердің міндеттері:

- жеке оқыту траекториясын айқындауда және білім беру бағдарламаларын игеруде білім алушыларға көмек көрсету;
- тиісті білім бағдарламасы бойынша оқу траекториясын таңдау кезінде білім алушының қажеттіліктерін, қызығушылықтары мен бейімділігін анықтау;
- пәндерді таңдау кезінде білім алушыларға кеңестер беру;
- білім алушыға жеке оқу жоспарларын құрастыруға көмектесу, қажет болған жағдайда оларды түзету;
- білім алушылардың үлгерімі мен академиялық мәртебесі мәселелерін қарайтын сараптама комиссиясының жұмысына қатысу.

Эдвайзер білім алушыны университеттің академиялық өмірінің ерекшеліктерімен, оқу жұмыс жоспарының мазмұнымен, диплом алуға қойылатын талаптармен, таңдаған білім бағдарламасының мүмкіндіктерімен таныстырады және білім алушының бейімділігіне, мүмкіндіктеріне, қызығушылықтары мен мақсаттарына сәйкес жеке оқыту траекториясын таңдауда көмекші болып табылады.

7. Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау



М.Өтемісов атындағы БҚУ-да білім алушылардың оқу жетістіктері оқу қызметінің барлық түрлері бойынша 100 балдық шкала бойынша бағаланады. Университетте білім алушылардың білімін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі қолданылады.

Дәстүрлі «өте жақсы» бағасы А және А- белгілеріне сәйкес келеді, оның сандық эквиваленті 4,0 (95-100%) және 3,67 (90-94%). «Өте жақсы» бағасы қателіктер мен дәлсіздіктерге жол бермей, пәннің/модульдің оқу жоспары материалын толық игерген жағдайларда қойылады.

Дәстүрлі «жақсы» бағасы В + (3,33/85-89%), В (3,0/80-84%), В- (2,67/75-79%), С+ (2,33/70-74%) бағаларына сәйкес келеді. «Жақсы» бағасы пәннің/модульдің оқу бағдарламасының 75%-дан төмен емес бағдарламалық материалын игеру кезінде, өрескел қателіктер, дәлсіздіктер болмаған жағдайда және барлық тапсырмалар түрлерін уақытылы орындаған кезде қойылады.

Дәстүрлі «қанағаттанарлық» бағасы С (2,0/65-69%), С- (1,67/60-64%), D+ (1,33/55-59%), D (1,0/50-54%) бағаларына сәйкес келеді. «Қанағаттанарлық» деген баға пәннің/модульдің оқу бағдарламасының материалын игеру жағдайында, шамалы қателіктер мен дәлсіздіктерге жол берген кезде 50%-дан кем емес, сонымен қатар өзіндік жұмысты орындау мен материалды жүйелеу кезінде қиындықтар туындаған кезде қойылады.

Дәстүрлі «қанағаттанарлықсыз» бағасы FX (0,5/25-49%) және F (0/0-24%) бағаларына сәйкес келеді. «Қанағаттанарлықсыз» бағасы пәннің/модульдің оқу бағдарламасының жартысынан көбін игермеген, іргелі қателіктер мен дәлсіздіктерге жол берген жағдайларда қойылады.

Пәндердің оқу бағдарламаларында (силлабустарында) 100 балдық шкала бойынша бағалаудың кең ауқымды критерийлері ұсынылған.

Қорытынды бақылау нәтижесімен келіспеген білім алушы емтихан өткізілгеннен кейінгі келесі жұмыс күнінен кешіктірмей (аралық аттестаттауды өткізудің қашықтықтан нысаны кезінде 3 жұмыс күнінен кешіктірмей) апелляциялық комиссия төрағасының атына апелляция беруге құқылы.

Сынақ-емтихан сессиясы (аралық аттестаттау) кезеңінде университет басшысының бұйрығымен біліктілігі апелляцияланатын пәндердің бейініне сәйкес келетін оқытушылар қатарынан апелляциялық комиссия құрылады.

Апелляция нәтижелері хаттамамен ресімделеді және оның шешімі негізінде білім алушыға жеке емтихан ведомосы жасалады, ол негізгі емтихан ведомосына қоса беріледі.

Апелляция рәсімі білім алушының өтінішіне сәйкес оның қатысуынсыз өтуі мүмкін.

Әрбір пән (модуль) бойынша оқу жетістіктерінің деңгейі рұқсат беру рейтингісінің бағасы мен қорытынды бақылау (емтихан) бағасынан қалыптастырылатын қорытынды бағалаумен анықталады, олардың үлестік қатынасы сәйкесінше 60% және 40%-ды құрайды.

Қорытынды балл келесі формула бойынша есептеледі:

$$ИО = (P1+P2)/2 \times 0,6 + E \times 0,4$$

P1, P2 – бірінші және екінші рұқсат рейтингтерінің бағасы;

E – пән (модуль) бойынша емтихан бағасы (қорытынды бақылау).

Аралық аттестаттаудың оң бағасы тиісті оқу пәні үшін белгіленген мөлшерде берілген кредиттерді есепке алуға негіз болады.

Егер білім алушы қорытынды бақылау (емтихан) бойынша «қанағаттанарлықсыз» баға алса, пән бойынша қорытынды баға есептелмейді және оған кредиттер есептелмейді.

Қорытынды бақылау бойынша оң бағаны жоғарылату мақсатында оны аралық аттестаттаудың осы кезеңінде қайта тапсыруға рұқсат етілмейді.

"FX" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда білім алушы оқу пәнінің/модульдің бағдарламасын қайта өтпей-ақ қорытынды бақылауды бір реттен артық емес қайта тапсыруға мүмкіндігі бар.

"F" белгісіне сәйкес келетін "қанағаттанарлықсыз" баға алған жағдайда білім алушы осы оқу пәніне/модуліне қайта жазылады, оқу сабақтарының барлық түрлеріне қатысады, бағдарламаға сәйкес оқу жұмысының барлық түрлерін орындайды және қорытынды бақылауды қайта тапсырады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың дәстүрлі бағалар шәкілі және ECTS (иситиэс) аударылған балдық-рейтингтік әріптік жүйесі

Әріптік жүйе бойынша бағалар	Балдардың сандық эквиваленті	Балдар (%-тік құрамы)	Дәстүрлі жүйе бойынша бағалар
A	4,0	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	
B+	3,33	85-89	Жақсы
B	3,0	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,0	65-69	Қанағаттанарлық
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,0	50-54	

FX	0,5	25-49	Қанағаттанарлықсыз
F	0	0-24	

8.GPA дегеніміз не және оны қалай есептеуге болады?

Кредиттік оқыту технологиясы кезінде білім алушының үлгерім көрсеткіші ретінде GPA (Grade Point Average) қолданылады – таңдалған білім бағдарламасы бойынша білім алушының оқу жетістіктері деңгейінің орташа бағасы. Білім алушыны келесі курсқа көшіру үшін қолданылады.

Назар аударыңыз!

Сессияны оң бағаға тапсыру жеткіліксіз!

Белгіленген бір курстан келесі курсқа көшіру балын (GPA) жинау қажет.

М.Өтемісов атындағы БҚУ-да Ғылыми кеңес шешімімен минимальды ауысу балының келесідей деңгейі бекітілген:

Бакалавриат үшін –

1-ші курстан 2-ші курсқа 2,00 кем емес;

2-ші курстан 3-ші курсқа 2,20 кем емес;

3-ші курстан 4-ші курсқа 2,40 кем емес;

4-ші курстан 5-ші курсқа 2,60 кем емес.

Магистратура үшін - 1-ші курстан 2-ші курсқа 2,80 кем емес.

Мысалы:

Пәндер	Кредиттер саны	Әріптік жүйедегі бағалар	Цифрлық эквивалент
Философия	4,0	A	3
Қазақ тілі	3,0	B	4
Менеджмент	0.0	F	2

Философия $4,0 \times 3 = 12,0$

Қазақ тілі $3,0 \times 4 = 12,0$

Менеджмент $0,0 \times 2 = 0,0$

Көбейтінділердің қосындысы $= 12 + 12 + 0 = 24$

Жалпы кредит саны $= 3 + 4 + 2 = 9$

GPA=көбейтінділердің қосындысы/ жалпы кредит саны $= 24,0/9 = 2,67$



9. Жазғы семестр

Қысқы және көктемгі аралық аттестаттау нәтижелері бойынша үлгеруші білім алушылар келесі курсқа көшіріледі. Белгіленген GPA мөлшерін жинаған және академиялық қарызы жоқ білім алушылар соған жатады.

Академиялық қарыз деп білім алушының

емтиханға себепсіз келмеуі немесе оқу пәні бойынша қорытынды бақылаудан қанағаттанарлықсыз баға алуы түсіндіріледі.

Академиялық қарыздарын білім алушылар жазғы семестрде **ақылы** жоя алады.

Жазғы семестрге тіркелу көктемгі академиялық мерзім аяқталған соң академиялық күнтізбеге сәйкес жүргізіледі және бітіруші түлектерден басқа барлық оқу түрінде оқитын білім алушылар үшін ақылы түрде оқытылады. Жазғы семестр бекітілген кесте бойынша оқытушылардың кеңес беруі негізінде өткізіледі.

Бітіруші түлектер үшін жазғы семестр өткізілмейді.

Жазғы семестрді ұйымдастыру келесі тәртіпте жүзеге асырылады:

- білім алушылар жазғы емтихан сессиясы басталғанға дейін тіркеу офисіне жазғы семестрге қатысу ниеті туралы өтініш береді;
- бір кредиттің құнын ескере отырып, білім алушылар жазғы семестрде алдағы оқу ақысын төлейді;
- деканаттар белгіленген мерзімде ұсыныс береді, соның негізінде жазғы семестрдің кестесі құрастырылады; егер сіз жазғы семестрге өтініш ресімдемесеңіз немесе ресімдесеңіз, бірақ жазғы семестрде оқу ақысын төлемесеңіз, жазғы семестрде меңгерген пәннен F белгісімен қанағаттанарлық бағасын алсаңыз сіз қайта оқу мерзіміне қалдырыласыз.

Жазғы семестрдегі емтихандар нәтижелері бойынша білім алушының балы GPA қайта саналады. Қажетті көшіру балын жинаған білім алушы, келесі курсқа көшіріледі; барлық борыштарын тапсырған, бірақ GPA-ны жинай алмаған білім алушы сол жылды қайтадан оқуға (ақылы түрде) қалдырылады және барлық пәндерді қайтадан оқиды.

Егер сіздің жазғы семестрге қалғыңыз келмесе, сессия қорытындылары бойынша академиялық қарыздың болуына жол бермеңіз және қажетті GPA алу үшін пәндердің басым көпшілігінен жоғары балл алуға тырысыңыз. Курсты қайта оқу БҚУ-дың Ғылыми кеңесімен бекітілген мөлшерде ақы төлеуді қарастырады

Жазғы семестрде білім алушы 18-20 академиялық кредиттен аспайтын қажетті кредиттерге тіркеледі.

10. Екінші жылды қайта оқуға қалай қалмауға болады?



Қайта оқу жылы үлгермейтін білім алушыларға сондай-ақ, көшіру балын жинай алмаған немесе академиялық қарыздарын тапсырмаған білім алушылар үшін қарастырылған.

Екінші жылға қайта оқуға қалмау үшін сіз барлық пәндер бойынша негізгі семестрде емтихандарды уақытында

тапсыруыңыз немесе жазғы семестр ішінде олар бойынша қарыздарын жойып, сондай-ақ сіздің курсқа қажетті GPA балын жинауыңыз қажет.

Кредиттік технологияның қызмет етуі, элективті пәндерге тіркелу, білімді бақылау, GPA есептеу, жазғы семестрде оқу және қайта оқу мәселелері бойынша өз деканатыңызға немесе тіркеу офисіне хабарласыңыздар.

11. Үздік диплом туралы

Егер сіз өз алдыңызға тек «жақсы» және «өте жақсы» деген бағаларға оқуды мақсат етіп қойсаңыз және университетті бітіргеннен кейін үздік диплом алғыңыз, онда университетте болған алғашқы күннен бастап оқуыңызды жақсы нәтиже болатындай етіп **ұйымдастырыңыз.**

Жоғары білім беру бағдарламасы бойынша білім алатын және үлгерімінің (GPA) орта балы 3,5-тен төмен емес кезінде оқу пәндері мен оқу қызметінің (қорытынды аттестациядан басқа) басқа түрлері бойынша А, А – "өте жақсы", В-, В, В+, С+ - "жақсы" деген қорытынды бағалары бар, сондай-ақ қорытынды аттестацияны А, А – "өте жақсы" деген бағаға тапсырған жоғары білім беру бағдарламасы бойынша оқыған білім алушыға үздік диплом (оқытудың қосымша түрлері бойынша бағасын ескермегенде) беріледі.

Бұл ретте оқудың барлық кезеңі ішінде қорытынды бақылауды (емтиханды) қайта тапсырғаны немесе қайталап тапсырғаны бар, қорытынды аттестацияға дейін 3,50 орта балын жинамаған білім алушыға үздік диплом берілмейді.

12. Университеттен не үшін шығарылуы мүмкін?

Өз оқуыңызды жалғастырғыңыз келмеген жағдайда Сіздің өз еркіңізбен, дәрігер айғақтары бойынша немесе өзге ЖОО-ға ауысуымен байланысты оқудан шығуға құқыңыз бар.

Жоғарғы оқу орнының Жарғысында көзделген міндеттерді, жоғары оқу орнының ішкі тәртіп Ережелерін бұзғаны, оқу тәртібін бұзғаны, жоғары оқу орны әкімшілігінің оқу ақысының төлеу туралы шартын бұзғаны үшін жоғары оқу орнының әкімшілігі оқудан шығаруға дейін тәртіптік шара қолдануға құқылы.

Оқудан шығару және қайта қабылдау сұрақтары бойынша деканаттарға немесе тіркеу офисіне хабарласыңыз.

13. Академиялық демалысты қандай жағдайларда алуға болады?



Білім алушы академиялық демалыс ресімдей алады, яғни денсаулық жағдайы бойынша, оның ішінде жүктілігі мен босануы бойынша уақытша оқуын

тоқтата алады.

Академиялық демалыс ұзақтығы 6 айдан 12 айға дейінгі қалалық студенттік емхананың дәрігерлік-консультациялық комиссиясының (ДКК) қорытындысы негізінде ғана беріледі.

Білім алушы емтихан сессиясы басталғанға дейін академиялық демалысты ресімдеуге өтініш береді. Емтихан сессиясы басталғанға дейін академиялық демалыс алу үшін өтініш береді.

Мемлекеттік білім беру тапсырысы негізінде оқитын білім алушыларға академиялық демалыс беру кезінде, мемлекеттік білім беру тапсырысы бойынша одан әрі оқу құқығы сақталады. Оның оқуын қаржыландыру академиялық демалыс мерзіміне тоқтатылады, ол аяқталғаннан кейін қайта басталады. Академиялық демалыстан оралғаннан кейін білім алушылар білім алушы оқу сабақтарына қатыса алатыны туралы, дәрігерлік-консультативтік комиссияның (ДКК) қорытындысын тапсыруы тиіс. Академиялық демалыстан шыққаннан кейін оқу жұмысының жоспарларындағы айырмашылықты (егер ондай қажеттілік болса) белгіленген мерзімде жоюы қажет.

14. Шәкіртақы қандай жағдайларда тағайындалады?

Мемлекеттік білім беру гранты бойынша оқитын білім алушылар стипендия алу құқығына ие. Осындай білім алушыларға сессия қорытындылары бойынша барлық емтихандарды «А», «А-», «В+», «В», «В-» «С+» бағаларға тапсырған жағдайларда шәкіртақы есептеледі. Сессияны «А», «А-» бағаларға тапсырған білім алушылар жоғарылатылған шәкіртақыға құқығы бар.

Университетте Ғылыми кеңестің стипендиясы мен түлектер стипендиясы бар, оған университеттің қоғамдық өміріне белсенді қатысатын білім алушылар, үздік білім алушылар үміткер бола алады.

15. Білім алушының оқуын қайта жалғастыру және ауыстыру



Оқуды қайта жалғастыру туралы өтініштерді жазғы және қысқы демалыстар кезеңінде ректор қарастырады.

Жоғары оқу орнынан шығарылған білім алушыға белгілі формада транскрипт беріледі.

Оқуды қайта жалғастыру рәсімі келесі түрде жүзеге асырылады:

1) білім алушы оқуын жалғастырғысы келетінін айтып, жоғары оқу орнының ректоры атына оқуын қалпына келтіру туралы өтініш береді. Өтінішке транскрипт тіркеледі;

2) тіркеу офісі ұсынылған құжаттар негізінде оқу курсы, оқу жоспарларындағы айырмашылықты анықтайды, тапсыру мерзімі белгіленеді;

3) комиссияның шешімі негізінде тіркеу офісі көрсетілген айырмашылықты тапсыру мерзімін белгілейді;

4) факультет деканының, АҚД директорының, академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бұрыштамаларына сәйкес ректор қайта қабылдау туралы бұйрық шығарады.

Білім алушының бір білім беру ұйымынан екіншісіне ауысу рәсімі келесі түрде жүзеге асырылады:

1) білім алушы өзі оқитын білім беру ұйымының ректоры атына ауыстыру туралы өтініш береді және мөр басылған жазбаша келісімді алғаннан кейін, өзі ауысқысы келетін білім беру ұйымының ректорына өтініш береді; өтінішке тиісті факультеттің деканы растаған транскрипт көшірмесі, ҰБТ сертификатының көшірмесі және болған жағдайда мемлекеттік білім грантының иегері куәлігінің көшірмесі тіркеледі;



2) тіркеу офісі транскрипт негізінде оқитын курстың және оқу жоспарындағы айырмашылықты анықтау үшін комиссия құрамына сұраныс жібереді;

3) комиссия шешімінен кейін, тіркеу офісі көрсетілген айырмашылықты тапсыруды белгілейді;

4) факультет деканының, академиялық қызмет департаменті директорының, академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бұрыштамалары негізінде жоғары оқу орнының ректоры білім алушыны ауыстыру туралы бұйрық шығарады;

5) үш күн мерзім ішінде, оның бұрынғы оқыған жоғары оқу орнына білім алушының жеке ісін сұрату жіберіледі;

6) білім алушының бұрын оқыған жоғары оқу орнының ректоры, өзге жоғары оқу орнынан сұрату алғаннан кейін, үш күн ішінде поштамен білім алушының жеке ісін жіберуге жауапты болады.

Білім алушының бір білім беру ұйымының ішінде бір оқу нысанынан екіншісіне, бір білім бағдарламасынан екінші білім бағдарламасына ауысуы келесі рәсімге сәйкес жүзеге асырылады:

1) білім алушы білім беру ұйымының ректоры атына ауыстыру туралы өтініш береді, өтінішке тиісті факультеттің деканы растаған, транскрипт тіркеледі;

2) комиссия тапсырылған транскрипт негізінде оқитын курсты және оқу жоспарларындағы айырмашылықты анықтайды;

3) факультет деканының бұрыштамасы негізінде тіркеу офісі көрсетілген айырмашылықты тапсыру мерзімін белгілейді;

4) факультет деканының, АҚД директорының, академиялық мәселелер жөніндегі проректордың бұрыштамаларына сәйкес жоғары оқу орнының ректоры білім алушыны бір оқу нысанынан екіншісіне немесе бір білім бағдарламасынан екінші білім бағдарламасына ауыстыру туралы бұйрық шығарады.

Білім алушы бекітілген кесте негізінде академиялық айырмашылықты бір академиялық кезеңде меңгеріп тапсыруға тиісті. Егер, білім алушы оқуын қалпына келтіру немесе ауыстыру кезінде белгіленген мерзімде оқу жоспарындағы айырмашылықты тапсырмаса, онда аталған айырмашылық академиялық қарыз ретінде белгіленеді.

Білім беру гранты бойынша білім алушы білім беру грантын сақтай отырып басқа ЖОҚКБҰ- на ауыса алады.

Білім алушыны ауыстыру кезінде қабылдаушы ЖОҚКБҰ білім беру бағдарламасының дайындық бағыты мен бейінін, сондай-ақ білім алушының оқу жетістіктерін ескереді.

Жекелеген жоғары оқу орындары үшін бекітілген Білім беру гранты бойынша түскен білім алушылар, сондай-ақ бөлінген квота шегінде педагогикалық білім бағдарламалары бойынша білім алушылар басқа жоғары оқу орнына ақылы негізде ғана ауыстырылады.

16. Білім алушылардың кәсіби сараманды ұйымдастыру және өткізу

Кәсіптік практика кадрларды даярлаудың білім беру бағдарламасының міндетті құрамдас бөлігі болып табылады.

Кәсіптік практика оқу, педагогикалық, зерттеу, өндірістік болып бөлінеді.

Практиканы барлық кезеңдерде ұйымдастыру түлектердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес кәсіби құзыреттіліктерді игеруінің сабақтастығы мен жүйелегін қамтамасыз етуге бағытталуы керек.

Білім алушыны кәсіптік практиканың барлық түрлеріне жіберу өту мерзімдерін, практика базасы мен жетекшісін көрсете отырып, М.Өтемісов атындағы БҚУ Басқарма төрағасы-ректорының бұйрығымен рәсімделеді.

Білім алушыға кәсіптік практика басталғанға дейін факультеттерде бекіту конференция практика өтушілерді дайындап, практика бағдарламасына сәйкес кеңестер өткізеді, осы қағиданың қосымшасына сәйкес нысан бойынша практикаға жолдама беріледі.

Кәсіптік практиканың түрлері, мерзімдері, көлемі мен мазмұны стандарттармен, білім бағдарламалармен, академиялық күнтізбе және университеттің практика бойынша бекітілген бағдарламаларымен айқындалады.

Кәсіптік практика оқу-әдістемелік басшылықты, практика бағдарламасын әзірлеуді және практиканы өткізу сапасын бақылауды даярлау бағытының бейінін және бакалавр/магистрантты оқытудың жеке траекториясын ескере отырып, жүзеге асырады.

